

«Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2024-2025 оқу жылындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасының
жылдық талдамасы

«Кітап дегеніміз-алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік»- деген Ғабит Мүсірепов. Кітап әр тұлғаның білімділікке құштарлығын қалыптастырады. Кітап оқыған адамның қоғамнан еш уақытта шет қалмасы анық. Кітапты таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу- әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. «Бүгінде мектеп кітапханаларында әдебиет кітаптардың қоры бар. Алайда ондағы кей кітаптардың сапасы сын көтермейді. Мәселен, өткен ғасырдың соңындағы кітаптарға назар аударсақ, оның ішінде көркем-әдеби кітаптардың жиырма-отыз пайызы жарамсыз екендігі белгілі болды. Сондықтан да «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларын дереу көркем әдебиетпен толтыру мәселесі көтеріліп отыр. Бұл жоспарды іске асыру үшін бес жылдай уақыт қажет. Осы уақыт аралығында еліміздегі барлық мектепті көркем-әдеби кітаппен толықтыру көзделіп отыр. Жыл сайын мектептердің кітапханасын 20 пайыз көркем әдебиетпен толықтыру жұмыстары жүргізілмек. «Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енетін болады. Оның пікірінше, жыл сайын аймақтағы әкімшіліктер кітапханаларын көркем әдебиетпен толықтырып отыратын болса, оқушылардың, жастардың кітап оқуға деген құштарлығы арта түсетін еді. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі-мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасы кішкентай болғанымен, атқарар қызметі үлкен. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Мектеп кітапханасы өз уақытының деңгейде болып, мектеп тәрбиесіне ат салысып, балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеуде белсене көмек беріп келеді. Мектеп кітапханасы жыл сайын жаңа буын оқулықтармен, электронды оқулықтармен, көркем-ғылыми анықтамалық әдебиеттерімен қамтылады. Мектеп кітапханасы жоспар бойынша жоспарланған жұмыстарын атқарды. Атап айтсақ: Көрмелер ұйымдастырылды-Тарихшы-этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл, «Қазақстан тілдер мерекесіне», Мемлекттік және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл, балалар жазушы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл, Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлин туғанына 130 жыл, Ұлттық кітабы күні, Ғарышкерлер күні, «Ұлы Жеңіс күні». Кітапты, оқулықтарды сақтау жұмыстары өткізіліп отырды,





Жаңа әдеби кітаптар

1-наурыз.Алғыс айту күні



Ұлттық кітап күніне арналған іс-шара



Ғарышкерлер күніне арналған бүктеме



Жеңіс күніне арналған көрме.



Жоспарланған іс-шаралар орындалды, оқушылардың жасына қарай жасалды. Оқырмандар кітапханаға келіп, жаңа әдеби аңапаптар алып отырады, үзілісте де оқып отырады.

Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебінің **Top IQ** платформасына 37 оқушы және 13 мұғалім тіркелді. Мұғалімдер сабағында **TopIQ** платформасын қолдануда, оқушылар қызығушылық танытып, жақсы әсер алуда.



Кітапхананың жұмысы жоспарға сай орындалып отырды. Оқырмандар саны көбейіп, үзілісте және бос уақытында кітапханаға келіп, әдеби кітап оқып отырады және үйлеріне де алып отырады.